

ДИСКУРСТЫҢ ИДЕОЛОГИЯМЕН АРАҚАТЫНАСЫ

Садирова К.Қ.¹, *Әбдірова Ш.Г.²

¹филол. ғ.д., доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: kulzat.sadirova@mail.ru

^{*2}гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: abdirova_83@mail.ru

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақалада дискурс пен идеологияның өзара қатынасы, дискурсологиядағы осы мәселеге қатысты қалыптасқан тұжырымдар талданады. Мақаланың мақсаты – идеология мен дискурстың өзара тығыз байланысын, идеологияның таралуы дискурста жүзеге асатынын, идеологияның таңбалардың тұрақталған мағыналар жиынтығы болатынын зерделеу, дискурстық бірліктермен дәйектеу. Мақаланың ғылыми маңыздылығы дискурсологияда идеология мен дискурстың өзара тығыз байланыстылығына қатысты теориялық тұжырымдарды өзара салыстырып, практикалық деңгейде деректерді талдау арқылы негіздеуінен көрінеді. Мақалада көтерілген мәселелерді талдауда дискурсты автоматты талдау мектебінің, дискурс теориясы мен дискурсты сыни талдау бағыттарындағы зерттеулер тұжырымдары негізге алынды. Зерттеу дискурстық талдау, мәтінді лингвистикалық талдау әдісі арқылы жүргізілді. Мақаланың негізгі қорытындысында идеология мен дискурстың тығыз байланыстылығы, қандай сөз айтылса да ол белгілі бір әлеуметтік топтың (сөйлеушінің не адресант пен адресат тиесілі) өмір ұстанымдарына сай құрылатындығы, дискурстың идеологияны тасымалдаушы, оның материалдық қабы екендігі, идеологияның әлеуметтік топтардың таным-түсініктеріне сай орныққан, тұрақтанған мағыналар жиынтығы сапасында ұғынылатындығы, дискурста идеологиялық мақсатқа сай арнайы бірліктер халық танымына сәйкес таңдалып жұмсалуды, дискурсқа қатысушы санасына әсер ету үшін түрлі тәсілдер мақсатты түрде қолданылуы берілді. Қазақстандағы Президенттік кезектен тыс сайлау мәселесіне қатысты дискурстық формацияларға, Абайдың қара сөздерінің бүгінгі заман талабына сай идеологиялық мақсатта қолданылуына талдаулар жасалды. Дискурстық формация, идеология, интрадискурс, интердискурс түсініктеріне берілген анықтамалар келтіріліп, оның дискурсты талдаудағы нақты үлгісі мысалмен түсіндірілді.

Мақаланың құндылығы мазмұны мен негізгі тұжырымдарының дискурсология бағытындағы зерттеулерге материал бола алатындығымен анықталады. Практикалық маңыздылығы талдау үлгілерінің көрсетілуімен байланысты.

Тірек сөздер: дискурс, идеология, дискурстық формация, тіл, интердискурс, дискурстық құрылым, ауызша дискурс, жазбаша дискурс.

Негізгі ережелер

Дискурсологияда дискурс талдау тәсілдері мен бағыттары әр түрлі қалыптасқанын байқаймыз. Солардың ішінде дискурсты автоматты талдау мектебі, дискурс теориясы, дискурсты сыни талдау бағыттары дискурстың құрылымы мәселесін ғана қарастырмайды, сонымен бірге идеология мен дискурстың (тілдің) өзара ықпалдастығын да зерттеу нысанына алады. Олардың негізгі өкілдерінің, атап айтқанда, М.Пешё, Р.Робен, П.Серио т.б., пайымдауынша, дискурс пен идеология тепе-тең болмайды, дискурс

идеологияның материалдық түрдегі көрінісі болып табылады [1,100 б.], біз оны идеологияның қабы деп атауға да болады деп ойлаймыз.

Кіріспе

Дискурсты автоматты талдау мектебінің өкілдері «дискурстық формация» түсінігін енгізген. Дискурстық формация түсінігіне «қандай да бір жағдайда нақты ұстанымға сай айтылуға тиісті мен айтылуға болатын жайттар» енеді [2,107 б.]. Қарапайым түсінікке сәйкестесек, өзінің кімді және қалай жақтайтындығына сай сөзді таңдау, дискурс түзу. Бұл қазақтың танымындағы «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген қағидаға сай түседі. Немесе «әр заманның тұсында бір сұрқылтай» деген айтылым мазмұнымен сабақтасады дейміз.

Аталған мектеп өкілдері дискурстың қызметіне қатысты «интердискурс», «интрадискурс» терминдерін ұсынған. Бұл тұста интрадискурс дискурстың өзіне қатысты айтылса, интердискурс – қандайда бір тірек дискурсқа қатысты түрлі дискурстық формациялардың өзара әсері мен ықпалдасуы. Бұл айтылған мәселелерді мысалмен түсіндіріп көрейік. Ел Президенті Қ.Ж.Тоқаев бұқаралық ақпарат құралдары арқылы 2022 жылдың күз айында кезектен тыс Президент сайлауы өткізілетіндігін хабарлаған сөзінен соң-ақ, оған қатысты түрлі пікірлер (қолдаған, қолдамаған) жариялана бастады. Сол пікірлердің әрқайсысын дискурстық формация деуге болады. Ал ол дискурстарға тірек болған – ел Президенттігіне кезектен тыс сайлау жарияланатындығын хабарлаған Президенттің дискурсы. Ал түрлі дискурстық формациялар – сол дискурсқа түрлі әлеуметтік топтардың әр қилы көзқарастарын білдірген дискурсы. Осы дискурстық формациялардың өзара әсері – интердискурс. Тірек дискурс (Ел Президентінің сөзі) интрадискурсқа жатады. Интердискурс парафраздар арқылы, цитаталар арқылы, астарлы сөз арқылы көрініс табады. Сонда дискурстың идеологиямен байланысын зерттеу дегенді біз дискурстың идеологиялық негізін зерттеу деп түсінеміз.

Идеологияның материалдық қабы ретінде дискурс әлеуметтік құрылымдардың қатынасын қалыптастыру мен өзгертуге қатысады. Біз келтіріп отырған мысалда Президенттікке кезектен тыс сайлау жүргізуді қолдаушылардың дискурсы президенттікті 7 жылға ұзарту қазіргі ел басшысының Жаңа Қазақстан құруға, өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік пен уақыт беру қажеттігін уәждесе, қарсы дискурстық формация – ел басшылығында отырған жылдардың аз болмағанын, Қаңтар оқиғасына, тілсіз жауларға (Қостанайдағы өрт, су тасқыны т.б.) дайын болмағанын, уақыт созудың қажетсіздігін алға тартады. Қолдаушылардың дискурсы ел басшысы идеологиясының дұрыстығына елді сендіруді көздесе, қарсыластардың дискурсы әлеуметтік құрылымдарды өзгертуді талап етеді. Қолдаушылардың бірі Президенттікті 7 жылға созудың дұрыстығын уәждеуде 7 санына қатысты қазақ танымындағы түсініктерді алға тартады. Идеологияны субъект өзге субъектілер үшін нақты бір мақсатты көздеп ойлап табады, таратады, жоспарлы түрде жүзеге асырады. Идеологиялық өндіріс өрісі әлеуметтік топтардың дискурсында көрініс табады. Қандай әлеуметтік топ болса да,

олардың мүшелерінің өмір сүру стилі ұқсас, мақсат-мүдделері ортақ болады. Ал әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделері мен мақсаттары тоғыспауы мүмкін. Әлеуметтік әлемді немесе шындықты қабылдауы да олардың қандай идеологияны ұстанатынымен, қолдайтынымен анықталады. Соған сай дискурстық бірліктері де өзгеше тұрақталады. Дискурста идеологияға сай белгілі бір тіл бірліктерінің мағыналары анықталып, тұрақтанады. Дискурс пен идеологияның байланысын зерттеу - тұрақтанған мағыналар жиынтығын зерттеу дегенге әкеледі. Дискурс пен идеологияның байланысында дискурстық емес элементтер де орын алады.

Материалдар мен әдістер сипаттамасы

Т.ван Дейктің түсіндіруінде, идеология – топтың ұжымдық түсінігінің когеренттілігін туғызатын аксиомалар жүйесі. Оның ойынша, идеология жекелеген тұлғалардың түсінігі емес, бірақ сол топтың мүшелерінің бірыңғайлығын танытатын іргелі категория [3, 139 б.].

Идеология ұжымдық түсініктің негізі болады, әлеуметтік құрылымдар мен дискурстың арасын жалғастыратын көпір іспеттес болады (жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады, тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады), билік құрылымына қарсылықты не билікті қолдауды туғыза алады. Бұл туралы Т.ван Дейк идеологияның дискурс арқылы көрінетіндігін әрі дискурс арқылы, яғни ауызша немесе жазбаша қарым-қатынаста өзара әрекетке түсетіндігін атайды [4, 121 б.].

Идеологияның өз мақсатына жетуі дискурстың, яғни ауызша не жазбаша қарым-қатынастың әлеуметтік топ мүшелерінің санасында қаншалықты терең сінуімен байланысты. Идеологиялық мақсатта дискурстың барлық түрі мен жанрлары қолданыла береді: көркем дискурс, оның ішінде көркем әдебиет дискурсы, кино дискурсы, көркем өнер дискурсы т.б.

Біз өз мақаламызда келтірілген тұжырымдарды басшылыққа ала отырып осы материалдарға дискурстық талдау жасаймыз. Дискурстық талдау дегеніміз – бұл қоғамдық-тарихи, мәдени-тарихи жағдаятта жүзеге асқан түрлі мәтіндерді зерделеудің аналитикалық әдістерінің жиынтығы, біздің зерттеу нысанымызға сәйкестесек, әр қолданылған сөздің не дискурстың идеологиялық негізін анықтау, сипаттау.

Нәтижелер

Автордың белгілі бір уақытта дүниеге әкелген туындысы кейін заман талабына сай немесе жеке дискурсқа түсушінің танымына, сол сәттегі әлеуметтік өзгерістерге орай дискурсқа түсушінің әлеуметтік статусына сәйкес идеологиялық құралға айналуы мүмкін, яғни дискурстық формацияға айнала алады. Мысалы, ұлы Абайдың қарасөздерін де дискурстық формация сапасында қарастыруға болады. Өйткені Абай қара сөздерінің мағынасы мен мәні бүгінгі заман талабымен ұштасып, қазіргі заманауи әлеуметтік мәселелермен қабысып, идеологиялық құралға айналды. Нақты айтқанда, қазіргі ел идеологиясын жүзеге асыру дискурсын құрған кезде Абай шығармаларына, оның ішінде қара сөздеріне көңіл аударып, өз

идеологияларының дұрыстығына уәж етеді. Абай ақынның өзі де өз заманындағы саяси, идеологиялық дискурстың қатысушысы, мысалы, әлеуметінің қиындығы мен қызығын бөлісушісі, жаны ашып, оқу-білімге үндеуші, өз заманының сыры мен сынын ажыратушы дискурстық тұлға. Абай заманының дискурсы мен идеологиясы ақынның туындыларында көрініс тапқан. Абай сол заманның билік өкілдерін сынаған, ол Абай туындыларында кей сөздердің дискурстық мәнінің тұрақтануынан көрінеді. Мысалы, *бейнет* сөзі. Абайдың сегізінші қара сөзінде би мен болыс тірлігін бейнетке балайды. Олардың жағыну, амал тірлікке жұмсаған уақытының заялығын өзі қолдамай, би, болыстың өмірін сарказм арқылы ашу үшін *қолы тимейді* тіркесін қолданған. Оны қайта интерпретациялау арқылы талдап көрсеткен. Ал би, болыстың тірлігі тұспалдау арқылы суреттелген. Таратып көрсек, *ұлығмызға жазалы боп қаламыз ба* – жоғарыдағы басшыларға жақпай қалмаймыз ба деген, яғни жағыну, солардың жағдайын ойлау, *елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба* – ел ішіндегі билікке қарсы тұрар азаматтардың ашуына тиіп, олардың бас көтеріп кетпеуін қадағалау. Бұл мәселе Абай заманынан бері әлі орын алып отыр деуге болады. «Халықты еститін үкімет» тіркесінің қазіргі тілде орнығуына осы мәселенің шешімін табу жолын іздеуінен көрінеді, дискурс пен идеология әсерінің тілдік таңбалардың мағыналарын тұрақтандыратынының бір дәлелі болып табылады. Ақынның қолданысындағы *бұзақы* сөзі би, болыстың түсінігі арқылы беріліп тұр. Ал қара халық тарапынан ол – кедейлер қамын ойлаушылар, әділетсіздікпен күресушілер.

Абайдың қара сөздерінде қолданылған дискурс қатысушысына әсер ететін тәсілдің бірі – сарказм. Әдебиетте сарказм автордың тақырып мазмұнын ашу мақсатында, шығарманың көркемдік құралы ретінде талданатын болса, дискурста сарказм – дискурстық әсер тудырушы амал. Сарказмды тиімді қолдануды Абай дискурсынан көруге болады. Мысалы сегізінші қара сөзінде: «Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды? Біреу – болыс, біреу би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға да сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтарлықпыз деп сайланады. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. «Ол не қылып тыңдасын және тыңдайын десе де қолы тие ме»? Осы ой бөлігінде Абай сарказмы мына тізбектерге телінген: *Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға да сайланып та жүрмес еді. ... елді түзерлігі-ақ қалған, ... қолы тие ме?* Ойшыл өз пайымдауында *ақыл үйренейін, насихат тыңдайын десе, ол орынға сайланып та жүрмес еді* деп, би, болыстың сол заманда ақыл мен насихаттың ауылынан алыстап кеткендігін, әділдіктен қол үзгендігін баяндайды. *Ол не қылып тыңдасын, тыңдайын десе де қолы тимейді* деп би, болыстың ұсақ-түйек мардымсыз іспен айналысып, уақытты бос өлтіріп жүргендігін айтады. Осы сөйлемде сарказм реңін ашып тұрған дискурстық бірлік – **-ақ** шылауы. *Ел түзету* тіркесіне жалғанып, **-ақ** шылауы олардың әбден оқу-тоқу, кемелденуге жеткендігін күшейткіш ұғымда көрсетіп тұр. Аңғарып отырғанымыздай, Абайдың интрадискурсында (*Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім*

тыңдайды? Біреу – болыс, біреу би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға да сайланып та жүрмес еді. Басында өзіндік жұмысы бар. ... ебіне қарай біреуді жетілтейін деп, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді) интердискурстар жиынтығы (үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтарлықпыз, ұлығымызға жазалы боп қаламыз ба, елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығындап, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба?) кіріктірілген.

Яки өзіміз шығындап, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба – байлығын үнемдеу, шығын шығармауды ойлау. Әрі қарай қара сөзде ... енді ұры-залым, сұм-сұрқия өзі де тыңдамайды. Онша-мұнша қой жүнді қоңыршалар күнін де көре алмай жүр. «Аналар анадай болып тұрғанда білім, ғылым, ақылды не қылсын? Және де білім-ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ.» «Бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» дейді. Оның өзгеменен ісі жоқ, ана алдыңғы үшеуіндегі болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұңы болмаса керек [5, 21 б.] деп беріледі.

Абай бұл ой үзінде ел ішіндегі ұры-залымға, кедей-кепшіктің біліммен ісі жоқтығына ашу-ызасын баяндайды. Ол үшін тағы да сарказмды қолданады. Бұған дәлел ретінде Аналар анадай болып тұрғанда білім, ғылым, ақылды не қылсын? Және де білім-ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ. Соңғы сөйлемде кедейге білім керегі жоқтай-ақ деу арқылы кедейдің де білімге ұмтылу керектігін айтқан. Бұл тағы да көсемше формалы етістікке–ақ шылауы жалғануы арқылы берілген. Абай сонымен қатар тұспалдап жеткізуді шебер қолданған. Бұл дискурсологияда жасырын түрде (имплицитті) түрде жеткізу деп айтылады. Сөзді ұғарлық адамдар – әлеуметтік статусы жоғары би, болыстар болса, қой жүнді қоңыршалар – кедей, қарапайым шаруалар. Дискурстық айналымда соңғы тіркес ұлттық танымға байланысты кодталған сөздерге таңылған. Қой жүнді дегені – мінезі жуас, қарапайым халық, қоңырша дегені - әлеуметтік деңгейі бойынша орта шаруалар.

Талқылау

Идеологиялық дискурста адресанттың танымына байланысты ой түйіні кілт сөздерге байланады. Сол кілт сөздер ұлттық таным негізінде қалыптасқан кодталған сөздер болуы тиіс. Себебі ол сөздердің әсер ету күші әлдеқайда күштірек. Кілт сөздер дискурстың ядросы іспетті. Адресатқа жеткенде кілт сөздер адресатты дискурстық айналымға жетелейді. Дискурстық айналым дегеніміз – адресаттың дискурсты игеруі, өзгелерге таратуы, осы дискурстық айналымда идеология да әлеуметтік топтардың санасында орнығады, өзгеріс енгізіп, белгілі бір нәтижеге қол жеткізеді.

Идеологиялық мәселелер билікпен тікелей байланысты, сондықтан да ол, негізінен, саяси мәселелер қатарына жатқызылады да, ол ғылыми зерттеулерде саяси дискурс терминінің айналасына шоғырланады. Саяси дискурстың негізгі қатысушылары – саясаткерлер, олардың дискурс түзу, дискурстық формация құру ерекшеліктері бар. Ол ғылыми зерттеулерде талданып та жүр. А.Ю.Мазаеваның айтуынша, саясаткерлердің дискурсы әрқашан

эмоционалды бояуға ие, өйткені оның мақсаты – тыңдаушыларын өз ойына сендіру, өзін қолдаушылар қатарын молайту, сондықтан арнайы лексиканы таңдайды, саясаткер алдын-ала жасанды дискурс дайындайды, ол дискурс күнделікті дискурсқа ұқсамайды. Саяси мәтіндердің өзіне тән белгісі оның мақсаттылығына орай түзіледі, ол адамдардың сезіміне әсер етуге оларды нақты бір әрекет жасауға итермелеуге құрылады. Бұл экспрессия идеологиялық құндылықтарды қайта бағалауға, сөз тіркесімдерін талғауға тікелей байланысты болады. Сондықтан саяси мәтіндерге талдау жасауда тек экстралингвистикалық факторларды ғана емес, ең алдымен, лингвистикалық факторларды ескеру керек [6, 85 б.].

К.Қ.Садирова саяси дискурсқа тән тілдік ерекшеліктер ретінде клише мен штамптарды пайдалану, аксиологиялық лексика мен терминдер дефинициясын қолдануды көрсетеді. Сонымен қатар кейбір зерттеушілердің бұл қатарға қазіргі саяси дискурста өз семантикасында ашу-ызаны, кекесін мен мұқатуды, ренішті, ирония мен сарказмды ұстайтын тілдің экспрессивтік элементтерінің молынан жұмсалуды да жатқызып жүргендігін айтады. Бұл дискурстық әсер ету тәсілі, көріп отырғанымыздай, Абай заманынан бері, мүмкін, онан да әріден келе жатқанын байқауға болады.

Жалпы идеология мен дискурстың арақатынасын зерделегенде идеологиялық дискурс тіркесі қолданылады. Тіл білімінде идеологиялық дискурс саяси дискурстың құрамдас бөлігі ретінде танылып келеді. Біз идеологиялық дискурстың өзіндік ерекшеліктері мен өзінің зерттеу нысанының айқын болуына орай, әрі адресатқа әсер ету заңдылықтарының қалыптасқанын негізге алып дискурстың бөлек түрі сапасында зерттелген дұрыс деп санаймыз.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды былайша қорытындылаймыз:

- 1) Идеология мен дискурс өзара тығыз байланысты.
- 2) Айтылған сөз сөйлеушінің не адресант пен адресат тиесілі белгілі бір әлеуметтік топтың өмір ұстанымдарына сай құрылады.
- 3) Дискурс – идеологияны тасымалдаушы, оның материалдық қабы.
- 4) Идеология – әлеуметтік топтардың таным-түсініктеріне сай орныққан, тұрақтанған мағыналар жиынтығы.
- 5) Дискурста идеологиялық мақсатқа сай арнайы бірліктер халық танымына сәйкес таңдалып жұмсалады да, дискурсқа қатысушы санасына әсер ету үшін түрлі тәсілдер мақсатты түрде (біз тек сарказмге мысал бердік) қолданылады, ол тілде орнығады, қажетті сәтті дискурстық айналымға түседі.

Дискурс теориясының болашақта зерттеуді қажет ететін нысандарына дискурс түрлерінің жіктелуін, дискурстық кеңістік, дискурстық тұлға, дискурстық тәжірибе мен әлеуметтік тәжірибе байланысы, дискурстың зерделену мәселелерін жатқызып келеміз [6, 130 б.]. Соның ішінде қазақ тіл біліміне дискурстың ұлттық ерекшеліктерінің өзіндік сипатын талдау,

идеология мен дискурстың арақатынасын зерделеу, Абай шығармаларын идеологиялық дискурс құралы ретінде тану мәселелерін де қарау қажет деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Сериио П. О языке власти: критический анализ / П.Сериио // Философия языка: в границах и вне границ / Харьков: 1993. – С.100.
[2] Сериио П. О Квадратура смысла: Французская школа анализа дискурса / П.Сериио. – Москва: Наука, 1999. – 107 с.
[3] Dijk van T.A. Ideological discourse analysis / T.A. Dijk van // New Courant. –1999. – p. 138-140
[4]] Dijk van T.A. Ideological discourse analysis / T.A. Dijk van //Journal of political ideologies. – 2006. – p.121
[5] Абай. Қара сөздер / Абай. – Алматы: Өнер баспасы, 2019. – 124 б.
[6] Садирова К.Қ. Дискурсология мәселелері / К.Қ.Садирова. – Ақтөбе: Колибри, 2019. – 200 б.

REFERENCES

- [1] Serio P. O jazyke vlasti:kriticheski analiz (About the language of power: a critical analysis) // Filousufija jazyka:v granicakh i vne granic. Kharkov,1993.P.100 [in Rus.]
[2] Kvadratura smysla: Francuzkaja shkola analiza diskursa (Quadrature of Meaning: The French School of Discourse Analysis). M.,1999. P.107 [in Rus.]
[3] Dijk van T.A. Ideological discourse analysis//New Courant.1995, 4.P.138-140
[4] Dijk van T.A. Ideology and discourse analysis// Journal of political ideologies.2006.11(2). P.121
[5] Abai. Qara sozder (Kara sozder). Almaty: Oner baspasy,2019. 124 p. [in Kaz.]
[6] Sadirova K.Q. Discursologija maseleleri (Problems of discursology). Aqtobe, «Kolibri» baspasy, 2019. 200 p. [in Kaz.]

ВЗАИМОСВЯЗЬ ДИСКУРСА И ИДЕОЛОГИИ

Садирова К.К.¹, *Абдирова Ш.Г.²

¹доктор филологических наук, профессор Актюбинского регионального университета им. К.Жубанова, Актөбе, Казахстан,
e-mail: kulzat.sadirova@mail.ru

^{*2}магистр гуманитарных наук Актюбинского регионального университета им. К.Жубанова, Актөбе, Казахстан, e-mail: abdirova_83@mail.ru

Аннотация. В предлагаемой статье анализируется взаимосвязь дискурса и идеологии, имеющиеся в дискурсологии положения о данной проблеме. Цель статьи – изучение тесной взаимосвязи идеологии и дискурса, осознания того, что распространение идеологии осуществляется в дискурсе, что идеология представляет собой стабилизированный набор значений символов, аргументированный дискурсивными единицами. Научная значимость статьи заключается в анализе сведений дискурсологии на практическом уровне при сопоставлении теоретических положений, относящихся к тесной взаимосвязи идеологии и дискурса. При анализе исследуемых в статье проблем за основу были взяты положения о школе автоматического анализа дискурса, теории дискурса и критического анализа дискурса. Исследование было проведено при помощи методов дискурсивного анализа, лингвистического анализа текста. Основной вывод статьи состоит в том, что идеология и дискурс неразрывно связаны, так как они строятся в соответствии с жизненными

принципами определенной социальной группы (говорящего, либо адресанта и адресата). Дискурс является носителем идеологии, ее материальной оболочкой. Идеология является совокупностью смыслов, закреплённых, стабилизированных в соответствии с познаниями социальных групп, так как в дискурсе единицы выбираются и расходуются в соответствии с мировоззрением народа. Показано, что для воздействия на сознание участника дискурса целенаправленно используются различные подходы. Проведен анализ дискурсивных формаций по вопросу внеочередных президентских выборов в Казахстане, использования слов назидания Абая в идеологических целях, отвечающих современным требованиям. Приведены определения таких понятий, как дискурсивная формация, идеология, интрадискурс, интердискурс, на конкретных примерах обоснована конкретная модель в анализе дискурса.

Ценность статьи определяется тем, что ее содержание и основные выводы могут служить материалом для исследований в области дискуртологии. Практическая значимость связана с показом образцов анализа.

Ключевые слова: дискурс, идеология, дискурсивная формация, язык, интердискурс, дискурсивная структура, устный дискурс, письменный дискурс.

THE RELATIONSHIP BETWEEN DISCOURSE AND IDEOLOGY

Sadirova K.K.¹, *Abdirova Sh.G.²

¹ Doctor of Philology, Professor of Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: kulzat.sadirova@mail.ru

^{*2} Master's of Arts of Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: abdirova_83@mail.ru

Abstract. The article analyzes the relationship between discourse and ideology, formulated conclusions on this issue in discursology. The purpose of the article is to study the close relationship between ideology and discourse, the realization that the spread of ideology is carried out in discourse, that ideology is a stabilized set of symbol meanings, reasoned by discursive units. The scientific significance of the article is manifested in the fact that theoretical conclusions concerning the close relationship of ideology and discourse are substantiated in discursology by means of mutual comparison and analysis of data at the practical level. In analyzing the problems raised in the article, we relied on the conclusions of the school of automatic discourse analysis, research in the field of discourse theory and critical discourse analysis. The main conclusion of the article is that ideology and discourse are inextricably linked, since they are built in accordance with the life principles of a certain social group (of speaker, or addressee and addresser). Discourse is the carrier of ideology, its material shell. Ideology is a set of meanings fixed and stabilized in accordance with the knowledge of social groups, since in discourse units are selected and spent in accordance with the worldview of the people, it is shown that various approaches are purposefully used to influence the consciousness of the participant in the discourse. The analysis of discursive formations on the issue of early presidential elections in Kazakhstan, the use of the words of edification of Abai for ideological purposes that meet modern requirements is carried out. Definitions of such concepts as discursive formation, ideology, intradiscourse, interdiscourse are given, its specific model in the analysis of discourse is substantiated by concrete examples.

The value of the article is determined by the fact that its content and main conclusions can serve as material for research in the field of discursology. The practical significance is associated with the display of analysis samples.

Keywords: discourse, ideology, discursive formation, language, interdiscourse, discursive structure, oral discourse, written discourse.

Статья поступила 20.09.2022

